


А 2006

Н 0022 К

жыл балалар әдебиеті

Э. СЕТОН-  
ТОМПСОН

ЖАҢУАРЛАР  
ТУРАЛЫ  
ӘҢГІМЕЛЕР












*Әлем балалар әдебиеті*







# Э. СЕТОН-ТОМПСОН

## ЖАҢУАРЛАР ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕЛЕР

БРК 82 (Кан)

Алматы  
«Балауса» баспасы  
2005

*Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі, Ақпарат және мұрагат комитетінің «Әлеуметтік маңызды әдебиет түрлерін өзірлеу және шыгару» бағдарламасы бойынша шыгарылып отыр.*

**Ақылдастар алқасы:**

*Есемжан Қосубаев  
Сламбек Тәуекел  
Қадыр Мырза Әли-төрага  
Әлібек Асқаров  
Абылаихан Құлбаев  
Әбілмәжін Жұмабаев  
Оразақын Асқар  
Сұлтан Қалиев*

**Сетон-Томпсон Э.**

**С 33 Жануарлар туралы әңгімелер.** Таңдамалы. Орыс тілінен ауд. С. Ақтаев. Құрастырган: О.Асқар. – Алматы: «Балауса» баспасы, 2005. – 400 бет.

Бұл әлем балалар әдебиетіне арналған 50 томдықтың бірі.

**ISBN 9965-672-31-8**

Канаданың әйгілі жазушысы Э. Сетон-Томпсонның бұл кітабына оның тандамалы әңгімелері еніп отыр.

Жазушы айналымызды қоршаган табиғат пен оның ажырамас бір белгі, керкі болып есептеле тін хайуанаттар тіршілігін өз шыгармаларының тақырыбына арқау етіп алған.

С 4703040000  
411(05)-05

**ББК 84 (7 Кан)**

**ISBN 9965-672-31-8**

© «Балауса» баспасы, 2005  
Құрастырушы О. Асқар  
Дизайнері Ж. Болатаев

## АЛҒЫСӨЗ

Әлем әдебиетіне тың тақырыппен өзіндік соқпақ салған санлақ қаламгердің бірі – канадалық Эрнест Сетон-Томпсон. Ол 1860 жылы Англияның Сутя Шилдс қаласында дүниеге келді. Баласы алты жасқа толмай Сетондар отбасы Канадага қоныс аударды. Зерделі сәби көші-қонның күллі қөрінісін көңіліне кестелеп, жаңа жердің әсерлерін жадына жастай тоқиды.

Жаңа жерге еркін бауыр басып, бірден етene болып кетпегендікі ме, сол қыс балаға ғасырдай үзак қөрініп, көткемді сағына күтеді. Ақыры, наурыз туып, көктем иісі білінеді. Ұзамай терезе түбіндегі текекке құйтақандай көк құс келіп, қүйқылжыта сайдайды кеп. Жаны нәзік әсершіл бала оның бақыт бейнесіндегі көкпеңбек жаңын көргендей болады. Ал құс болса өнін мың құбылтып, тамылжата сайдайды да тұрады. Осынау үн бар жан дүниесін баурап, егілтіп-елжіретіп жібереді де, бала өз-өзінен еніреп жылап қоя береді. «Сонда қалай еніреп жылап жібергенімді өзім де білмеймін, – деп еске алады кейін оның өзі. – Әлгі өн менің жан әлеміндегі терең толқытып, тебірентіп жіберді. Сол күннен бастап мен жыл сайын өзімнің көк құсымды, соның қанатының лебімен, көмейіндегі өнімен келетін көткеміндегі күтетін болдым». Кім білсін, болашақ бүкіл әлемге белгілі жазушының жан сарайын желліп, жас сезімін оятқан, жүрек жалынын маздатқан сол «көк құс» болар. Әйтеуір ол қаршадайынан табигатпен етene болып өсті.

Эрнест өте бір қабілетті бала болады. Ұзамай-ақ мектептегі маңдай алды үздік те, үлгілі шәкіртке айналады. Алты жасында-ақ газетті өз бетімен оқып, ағаштан алуан түрлі андар мен құстардың бейнесін жонып жасайды. Ал табандылығы, еңбеккорлығы мен елгезектігі тіпті төтен. Дүкеннен «Канаданың құстары» деген кітап көріп, оны сатып алар ақша жинау үшін бір ай бойы көршілерінің отынын үйісіп, ағашын кесісіп, бір ағылшын әйеліне шыбыншіркейден тұтас коллекция жинап бергені де бар. Бала күнінен баураган аң мен құс оны терең толғандырып, құпия-сырына қанықтыра береді. Оқу құралының жоқтығына, он баланың бір бұның натуралист болуына өкесінің жаны ашып қарсы болғанына қарамай, жануарлар дүниесінің сырын адамдар алдына қалай да жайып саламын деген бағытынан бір де бұлтарған жоқ. Қаршадайынан күнделік жүргізіп, көрген-баққаның, көңілге жаққаның қағазға түсіріп отырды. Онысының өзі қалың-қалың елу том болды.

«Ұстанған жолымның дұрыс, бұрысын ешкімнен сұрамай, әйтеуір өз соқпағыммен тарттым, – деп жазды ол кейінрек. – Бар білгенім – осының тек өз жолымғана екені». Осы жол оны көздеген мақсатына, діттеген нысанасына жеткізді. Ол тамаша табигат зерттеуісі, зерделі суретші, зергер жазушы болды. Канадада ол «Мемлекеттік натуралист» деген лауазымға ие бол, бұл оның жануарлар дүниясын зерттеуіне жағдай жасады. Зоология жөніндегі ғылыми еңбектері үшін ең жоғарғы сыйлық – «Илиот» алтын медалін алды. Үндістер мен эк-

символардың ауыз әдебиетіне де бірнеше кітап арналды. Торнод көркеменер колледжін бітіріп, көнтеген суреттер салып, хайуандар мүсінін жасаумен де аты шықты.

Сетон-Томпсонның тұнғыш әдеби шыгармасы «Шалғын құрынын тірлігі» атты әңгімесі жиырма үш жасында жарық көрді. Ал оның атын шыгарып, қалың жүртқа жазушы ретінде танымал қылган енбекі 1898 жылы бөлек кітап болып басылған. «Өзім білетін жануарлар» атты әңгімелер жинағы еді. Кітаптың көп ілтиратына ие болып, оқырмандар ынтасын аударғаны сондай, аз уақыттың ішінде-ақ ол бірнеше мәрте қайта басылып шықты. Ол қалың оқырман алдынан бұрын-сонды болмаган жаңа арна, тың әлем ашып берді.

Бұган дейін жануарлар жайында тек мысалдар мен ертегілер гана болатын. Әңгіме, өлең жазыла қалса, оларда жануарлар адамша сейлеп жүре беретін. Ал Сетон-Томпсон бірінші болып кейіпкері, шын мәнінде, аң мөн күстың өзі бол келетін әңгімелер жазып, әдебиетте жануарлар жайындагы реалистік бағыттың негізін салды. Ол өз кейіпкерін зерттеуге барлық саналы ғұмырын сарп етті. Сексен алты жасында 1946 жылы Жаңа Мексикада дүние салды.

Жазушы әрбір әңгімесін күнделіктің ішінде салынғандай натуралистік суреттермен әрлеп отырган. Олар әншайін аң мен күстың сырт бейнесін қызықтау емес, ол суреттерге зер салып, теренірек үңілсек, әңгіме кейіпкерлерінің мінез-құлқы, көңіл-күйі, қимыл-қарекеті көзге бірден шалынады. Оларға деген автордың көзқарасын, қарым-қатынасын, сүйіспеншілігі мен ойнақы юморын бірден аңгаруға болады.

Хайуандар туралы хикаяларды көрі-жас оқырмандардың бәрі қызыға қызып, құмарта қарауының басты сыры кейіпкерлер тағдырының терен толғануы, автордың өмірге деген сенімі мен сүйіспеншілігі. Сетон-Томпсон орман-ну, өзен-су, зангар тау, жапан даланы, ондағы өмірді барлық әр-көркімен, қатыбас қаталдығымен қаз-қалпында суреттеуден танған да емес, тайсалған да емес. Көп ретте әңгіменің ақыр аяғында кейіпкер хайуандар майып бол көтіп жатады. Несі бар, өмір шындығы солай. Жануарлар дүниесіне жанашырлық азайып, жауыздық көбейіп барады. Автор оны колегейлемейді, кейіпкер опат болғанмен де, оның өмірі ойлантады, толғантады, өзінше тұжырым жасауга, тағлым алуға жетелейді.

«Жануарлар тыныштықты тілейді», – дейді Сетон-Томпсон. Тыныштық жануарларға гана емес, жан исесінің бәрінен аудайдай қажет. Ол үшін табигат қазынасы орта түспей, толыса, толыға, молыға беруі кепек. Өйткені оның байлығы бүтінгі гана емес, болашак үрпактың да еншісі. Бүгінде туган табигатты қорғау басты міндеттердің бірі ретінде алға тартылып отыр. Табигатқа жанашырлық, жан-жануарларға қам-қорлық сезімі бала бойына туган босағасында дарып, мектеп қабыргасында қалыптасып, үшталған түсуге тиіс. Осы орайда табигаттың тамаша жыршысы Эрнест Сетон-Томпсон шыгармаларының тәрбиелік мәні мол болары шүбесіз.

Сарбас АҚТАЕВ.

## КҮМІС ҚАРА

*Бір қара бұрыл түлкінің бастан кешкендері*

*Бірінші бөлім. БАЛҒЫН ШАҚ*

### I. Тұған босага

**К**үн Голдер тауының иығына қонып, жануар атаулы жаңындай жақсы көретін мамыржай ымырт жатаған төбелер мен шалқар жазыққа пердесін түсірді. Байыр күн жалқын атып, көлеңкеден ада құлғін сәуле өредік шашырап, аланқайларды шүпілдетіп жіберді. Шобан өзеніне таяу сонадай қырқа басында қарагайлы жасыл орман мен мұндалайды. Осы орманның ортасындағы аланқайда бір үя түлкі тұрып жатты.

Іннің аузы орманның шетінен шығатын-ды. Үмірт үйірілуі мұн, түлкілер тұқым-тұяғымен түгел сыртқа шығып, кешкі салқынға рахаттанып, асыр салып шапқыласа жөнелді.

Енесі күшіктерінің алыс-жұлдызына зер салып, олардың аламан-асыр ойынын жан-тәнімен қыздыра түседі. Торсиган мамық жүнді күшіктер жарық дүниеге көзін жаңа ашқан жан иесіне тән бейқамдықпен асыр салады. Олар үшін анадан асқан құдірет жоқ. Ал ол ұлы күш бұларға құрак ұшып тұр. Демек, бар әлем бұларға дос. Күшіктер алышып-жұлдызып, бірін-бірі бар пәрменімен қуалап, шыбын мен қоңыз көрсе, соңынан тұра шабады. Тырсиган аралардан да шайлықпай тұмсығын тосып, енесінің қүйрығын ұстамақ болып немесе бірінің аузына іліккен әлдебір жемтікті, қу сүйекті тартып алмақ болып, есі қалмай оқша атылады.

Олар ойыннан өзге ештеңені білмей, тағы бір тасыртұсыр дырдуға себеп тапса, жаны қалмай қуанады.

Тұлкі балаларының бұл кештегі ермегі қурап қалған үйрек қанаты болды. Ол кеш бойы он шақты рет бір ауыздан бір ауызға көшті. Міне, енді оған тұмсығында көлденен тартылған қара жолагы бар ең батыл күшік тап берді. Ол олжасын тістеп алып, енді қуудан ештеңе өнбейтініне ұяластарының көзі жеткенше айналып қашып, шапқылады да жүрді. Содан соң ол сүйекті тастай салып, енесінің құйрығына жабысты. Жабысып алып, енесі оқыс қарғып сотанақ сотқарын шалқасынан түсіргенше, құйрықты жұлқылады да жүрді.

Тап осы асыр-тұсырдың кезінде алаңқайдан кәрі тұлкі қылаң етті. Оны көргенде қанышқ тұлкі дір етіп, күшіктері қорқып кетті. Бірақ тұлға таныс болған соң, бәрінің де көңілі орнына түсті. Бұл келіп тұрган – олардың әкесі еді.

Ол балаларына азық алып келіпті, сондықтан бәрі көзін тігіп, солай қарай тұмсығын тосты. Кәрі ку жана гана тамағынан бір сыйқан жұпар тышқанды жерге тастай бергенде-ақ, қанышқ тұлкі бас салды.

Күшіктері орнында жоқ болса, тұлкі олжасын ешқашанда тұра іnniң өзіне алып келмейді дегенді айтады аңшылар. Ал олардың әңгімесі кейде шындыққа саяды.

Жұпар тышқанды енесі күшіктеріне таман ыргытып жіберіп еді, олар тарпа бас салды. Бейшараны жан-жақтан жулмалап, тартқылап, тістелеп, бір-біріне көз алартып, ырылдап, бастьарын сілкіп, әрқайсысы өз сыбағасын алып қалуға жанталасты.

Енесі өлі тышқанмен әуреленіп жүрген күшіктерін гана бағып қоймай, айналадагы орманға да жіті көз тастайды. Төңіректе мылтық асынған адам, ит ерткен бала, қалықтаған қыран мен жапалақ сияқты тұлкі баласын аулауға құмар қара ниетті қас дүшпан торуылдап журуі де кәдік.

Ол әрқашан абайлап жүреді, мұнысына еркегі де көмектеседі. От басының шаруасындағы орны қосалқы саналуына қарамай, күшіктер көзін ашпаған, тіпті өзіне інге кіруге рұқсат болмаған кездің өзінде де арлан азықты мүқият тасып, бәрін сырттай бағып күзетіп жүреді.

Қатер таялып қалғанын хабарлап, әкесі алыстан

“юр-юр-юр-лап” белгі бергенде, томпылдақ күшіктердің дырду-думанының нағыз қызған шағы болатын. Ес білетін болса, бұл белгінің мәнін олар өзі де түсінер еді. Алайда, күшіктер өте жас болатын, сондықтан енесі оларға не істеу керегін түсіндіріп, ішін тартқан өке шөуілін ырылдаған айбарлы ашумен айтып, бәрін інге қайта қуып тықты. Олар жұпар тышқанның қалғанын таласпай-ақ сол қара көленкеде бөліп жеді.

Бір ғана Жаңа Англияның фермаларында ең кемі мың жұп тұлкі бар. Әр жұп жыл сайын үрпақ жаяды, ендеше әлгінде суретtelгендей көрініс көктемнің кез келген күні, кез келген тұлкі інінің алдынан тап болуы әбден ықтимал. Демек, мұндай көрініс иегіміздің астында жылына жұз мың мәрте қайталанып жатады. Әйткенмен де мұның құпиялышына, кішкентай мақұлықтардың ата-енесінің сақтығына, жаңағы сияқты от басы сайранына күө болып, көзбен көру деген жұз мың адамның бірінің ғана талайына тап келеді.

Голдер қаласындағы жұз мыңдан жарып шыққан сондай бақытты адамның біреуі Абнер Джукс болды. Бұл өзі үзын тұра, шикіл сары, секпіл бет бала еді. Сиыр бағудың орнына ағаш-ағаштың басына шығып, жұмыртқа ізделеп, қарғаның үясын бұзып жүретін.

Тұлкі күшіктерінің ойынына ол көп баланың бәрі құсал қараган жоқ, болашақ табигат зерттеушідей тебірене зер салды. Тұмсығында қара жолағы бар, домино-маска киіп алғандай қунақ күшікті көзі бірден шалып, оның қылышына қуана мәз болып ден қойды.

Кішкентай күшіктердің ермегіне бөгет болу баланың қаперіне де кірген жоқ еді, алайда, олардың ойыны құтпеген жерде кенет үзілуіне, сондай-ақ сонынан осы тұлкі үясы ұшырайтын қырсық-кеселдің бәріне оның еріксіз кінәлы болуына тұра келді.

Абнер тұлкіні тек қыста ғана аулаушы еді. Ол өзінің “бүкіл штаттағы мандай алды төбет болғалы тұрган” аңшы итін мақтан тұтатын. Рас, ол өзірге төбет емес, күшік қана. Бірақ күшік болса да табаны күректей, мықындығы жінішке, омырауы даладай. Даусы да шымыр, зәрлі, тұксиген қабағы мен ызгарлы мінезіне қараганда,

андығанын алмай қоймайтынның өзі болатын түрі бар. Әдетте оны Абнер үйге қамап кететін, бірақ күшік осы жолы әйтекеүір сыйтылып шығып, табанда иесін іздеп, ізіне түсті. Тұлкі күшіктерінің әкесін аландаған да, оның осы иесін іздеп келіп қалғаны екен.

Жеті күшігінің де қауіпсіз жерде жатқанына көзі жеткен енесі дүшпанына қарсы тұра шапты. Інге жақындалап қалған болса, иттің көзін алайын деп жолды да ол өдейі таңдалап алды. Шынында да, темірдей шынылдаған ит үні тақаудан шықты да, ол өбден пісіп-қатқан арланың жүрегін де дүрсілдеткізіп жіберді.

Енді өз жайын ойлауға қаншық тұлкінің мұршасы келген жоқ. Қорбандаған тәбетті еліктіріп, іннен аулақ алыш кетті де, екі із тастап, одан оп-оңай жырылып шығып, босағасына қайтып келді. Бұнда барлығы көнілде-гідей екен. Әдетте енесін іннің аузында күтіп алатын қара тұмсық күшік қана бұл жолы түкпірге жабысып, тұмсығын құмға тығып жатып алышты.

Мұнан бес минуттай бұрын ол іннен сыртқа көз тастаган еді, сұмдық үрейлі ит даусын естіп, қүйрығының ұшына дейін дірілдеп, тұла бойы түршігіп кетті. Жалма-жан іннің түкпіріне тығылып, қауіп-қатер атаулы айық-кан соң да бүктеліп ұзақ жатты.

Бұған дейін ол тып-тыныш қана, аялаумен өмір кешкен еді. Сүттей үйыған сол тірлікке енді үрей араласты.

## II. Қырсық

Аңшылардың арасында тұлкі өз ініне таяу жердегі құс қорасына тиіспейді деген пікір кең тараған. Ол жақын көршісінің қаһарына іліккісі келмей, олжаны жырағырак фермалардан іздеп жортады.

Сондықтан да болар, Джукстің құс қорасы дін аман тұрады да, оның есесіне Бентонның тауығы жиі жогалып отырады. Бентон қарт онша сабырлы кісі саналмайтын, ал тауықтарының төрттен бірінен астамы үшты-күйлі жойылып кеткен соң, тіпті терісіне сыймады.

Келесі жексенбіде Бентонның балалары Си мен Бэд қырқа басында келе жатып, тұлкінің ізіне түскен Джукс

итінің үрген даусын естіді. Итке онша әуестігі жоқ бала-  
лар бұған мән беріп, зер салмады. Сонда да сөл кідіріп,  
жоғарыдан жазыққа көз тастап, одан әрі қашуды  
қажетсіз деп тапқан тұлкінің түп етектен қуған итті оп-  
онай алдап кеткенін де көрді.

Бірақ олар орнынан қозгалып үлгермей, әлгі тұлкі-  
нін аузына қардай бір ақ тауықты тістеп, тағы да сылан  
етіп шыға келгенін шалып қалды. Бентон өзінің асыл  
тұқымды ақ тауықтарын мақтан тұтушы еді, мына тұлкі-  
нің солардың бірін тістеп келе жатқанында енді шұбә  
жоқ. Ақ тауық деген алыстан-ақ мен мұндалайды гой,  
сондықтан балалар қиналмай-ақ ұрыны көзben іnnің  
аузына дейін шыгарып салды.

Арада жарты сағат өтпей-ақ, олар асыл тұқымды та-  
уықтың аппақ қардай қауырсындарының ортасында  
тұрды. Балалар ұзын сырыйты інге бойлатып көріп еді,  
ол бір бұрылысқа барып тіреліп қалды да, тұлкінің бала-  
лары зәресі үшқанымен зәбір көрген жоқ. Бұл кезде көрі  
тұлкілер орманда осы маңды айналшақтап жүр еді.  
Үрейі үшқан олар інінен тайып тұрганымен, балалары  
жатқан ұя еріксіз тартып, дамыл таптыра尔 емес. Інге  
таяп талай мөрте келді. Келген сайын кісі даусын естіп,  
кері айналып, бұталарды бой тасалады.

Ін бар жер Джукстің иелігінде болғанмен, Бентон-  
ның ұлдары ертең қайткенмен де тағы да бір келіп,  
тұлкінің балаларын қазып алмаққа бекінді. Ал жатар  
орынның қатер аузында қалғанын сезіп, ана-тұлкінің ма-  
засы кетті. Уақыт алдырмай ол табанда жаңа ін қазып,  
таң ата күшіктерін көтере бастады.

Жаңа туған мысықтың жақсысын таңдаудың деревня  
тұрғындарында қарапайым ғана табиғи тәсілі бар. Олар  
көзін ашпаған мысық балаларын ашық алаңқайға шыға-  
ра қояды. Енесі оларды тауып алып, бір-бірлеп бұрынғы  
орына тасиды. Оның бірінші етіп алған бала мысығы ең  
тәуірі болып шығады. Бұл бір дұрыс жорамал: бала мы-  
сықтардың ең пысығы ұяластарының үстіне шығып кетіп,  
енесінің көзіне бұрын түседі. Сондықтан оны үйге де  
бәрінен бұрын енгізеді ол.

Ескі інде тұлкінің күшіктерінің ең өжеті, ең әлдісі

ала түмсық Домино қарсы алды да, енесі қауіпсіз жаңа баспанасына алдымен соны жеткізді. Содан соң оның үлкен апасын апарып, үшінші кезекте тығыршықтай мып-мығым інісін алды. Әкелері болса бұларды көрші қырқада сырттай көздел, бағып журді.

Таң ағаруға айналды. Енесі үшінші күшігін тістеп жүгіріп келе жатыр еді, әкесі кенет үріп белгі берді.

Бентонның балалары түлкі інін қазуға қайла мен темір күрек алып келген еді, үш қадамнан соң олары бір үп-үлкен тасқа тиді. Балалар бұған не лаж жасауды ойланып тұрғанда, таудағы тас қопаратын жерден жарылыс даусы жетіп, бұлардың жоспарын айқындалды да берді. Біреуі тас жаратындарға қарай жүгіріп; ізінше динамит патронын алып келді. Олар патронды тастың жарығына шақты. Қас қаққанша болмай алапат жарылыс үні қырқа баурайын дүр сілкіндірді. Шудаланған шаң басылғанда қараса, тау төбе тастар іннің аузын жауып тастапты. Түлкінің күшіктері жаншылып, тұншығып қалғанына енді күмән болмады. Жарылыс баспананы молаға айналдырығанына мәз болып балалар кетті.

Егер олар осы арага тұнде соқса, түлкінің әкесі мен енесінің ескі індеріне кіруге жанталасып, жер тырнал, гранит сынықтарын кеміріп қалай аласұрганын көрер еді. Түлкілер оған ертеңінде де қайта келді. Үшінші туні жалғыз енесі ғана келіп, үмітсіз бос өурешілікті сосын ол да додарды.

### III. Жаңа жатақ

Түлкілердің жаңа тұрағы бұрынғысынан бір мильдей жырақ қырқаның өзен ағып шығып, суын жазыққа жағып жіберетін қылтасынан қағылды. Құз-жартастармен қоршалып, терек-қайыңың тамырлары айқыш-үйқыш өрілген кең жылғадан олар жатағын жақсы тапты, іннің аузында күзетшідей екі алып тас бар. Бұрынғы ін қырқа баурайындағы қарағайлы орманда болса, мұнысы теректер тізілген жылғада. Қарағай ұдайы күрсініп шулап тұрса, терек ылғи тербеліп, діріл қағады. Оның жұлдығын сидап, сылдыр қағып өзен толқын атады.

Апанның аузынан өзеннің сонау ағысы баяу жеріндегі өлеңге барып үласатын үйисқан қалың құрак басталады. Осынау жасыл ылди күшіктердің ойын алаңы еді, бұл арада жаз бойы баз бір таныс сурет – аншы-әкенің жатағына олжамен оралғанын көруге болатын. Манаидагы шөп асыр салып, дамыл-тыным көрмейтін күшіктердің табанымен-ақ тапталып біткен.

Тұлкі күшіктері тез өсті. Бәрінен шапшаң өскені тұмсығының үстіндегі жолагы күн асқан сайын қарай түскен күшік болды.

Ата-енесі оларға аңшылық сырын үйрете бастады. Күшіктердің бәрі дерлік енесін емуді қойған, үлкендері не жесе соны жейді. Енді әкесі мен енесі балаларын өз бетімен азық табуға баулиын деді. Олжасын бұрынғыдай іннің аузына дейін өкелмей, орманда қалдыратын болды. Күшіктер есейіп әлеуеттене түскен сайын азық тастар жерін алыстата берді. Енесінің шәуілдегенін ести сала күшіктер орманға лап қояды да, нағыз ойын сонда басталады. Олардың азықтануы да осы ойынның нәтижесіне байланысты.

Күшіктердің шілік шоғын шыр айналып, еңісте қалай өскен шалғынды шарлап, әр шұқырды тіміскілеп жүргенін көру қандай. Қай бағытқа жүгіруді желден андалап, олардың бірін-бірі тоңқалаң асырып есі қалмай тұра шапқаны, ақыр аяғында ата-енесінің ізімен тығып тасталған жемтікке қарай жүйткі жөнелгені қандай тамаша!

Осылай олар нағыз аңшылыққа үйренді. Қара тұмсық күшік ең тапқыр, ең күшті, ең епті болды. Ол азықты барлығынан бұрын табатын және барлығынан жақсы азықтанатын еді. Оған ылғи сыбағаның ең қомақтысы және дәмдісі тиетін. Басқа күшіктерден ол шапшаң өсіп, күн асқан сайын араларындағы айырмашылық айқындала түсті. Оның тағы бір өзгешелігі күшік күніндегі күңгірт сүр жүні қарай бастады. Апасы мен інісінің өз тегіне тән қызығылт-сары жүні құлпыра түсті, бұл күннен-күнге қарай берді, ал тұмсығы мен сирағы мұлдем қап-қара болды.

Шілденің аяғы таяп қалған еді. Көрі тұлкілер бала-

лары үшін көрші фермадан тынымсыз азық тасумен ғана шектелмей, оларды қатер атаулыдан мұқият қорғап жүрді. Қара иттің шыңылтыр даусы жылға маңынан жиежи шығып, оның үргенін естіген сайын қара тұлкі діріл қагады. Алайда, ата-енесі дүшпанның алдынан шығып, үргенін ғана айламен алдарқатып, тәбетті үйіне құр қол қайтарады. Және жартастар арасында итті алдау тым онайға түсіп, тұлкілер өзінің ебедейсіз дүшпанын басынып, шамадан тыс өр көкіректеніп те кетті.

Бірде тұлкінің үш күшігі өкесі өкелген олжаны іздеп, шалшықта ерсілі-қарсылы шапқылап жүр еді, қайдан шыққанын кім білсін, бір ала ит тап берді. Оның күндей күркіреген ырылышан зәре-құты қашқан тұлкілер тымтырақай зытып-ақ еді, ең кішісі құтыла алмай қалып, иттің арандай аузына ілікті.

Өлемет хайуан өз олжасын фермага алып келіп, иесінің аяқ астына таставды да, мақтау күтіп бетіне қаралды. Алайда, иесі тәбетті мақтай қойған жоқ. Қырсық қашан да жеке-дара келмейді. Келесі күні алакөбеде жана ғана шенгеліне түсірген үйрегін тістеп арлан тұлкі ініне қарай салып келе жатыр еді, тап жанынан шыққан иттің даусы жақсы таныс үйреншікті жолынан басқа жаққа жалт беруге мәжбүр етті. Ол екі жағы да биік етіп шетенделген соқпақтан бір-ақ шықты. Аузындағы үйрегін тастанмай шарбақтан қарғып өте алмады. Шарбақты бойлай кашып еді, иттер құтқарап болмады. Лаждаған ол көзіне түскен бірінші тесікке беріп кетті. Сып бергені не керек, бейбак сорлы қорадан бір-ақ шығыпты. Онда басқа ит жатыр екен, соның аузына түсіп, жантәсілім етті.

Артында қалғандар мұны білген жоқ. Әкесі қайтып оралмады, азық та өкелмеді. Енесі мен екі күшік аш қалды. Олардың бүл күні бар сезіп-түйсінгені аштық қана болды.

Теректердің арасындағы інде екі күшігімен енесі ғана қалды. Ене тұлкі енді бар ауыртпалықты мойымай өз мойнына алды. Айтса да, оның балаларға бәйек болып аландауы бүл кезде додарылған да сияқты еді. Августа күшіктері өзімен еріп, алыска анға бірге шығып, азығын

өздері таба бастады. Қыркүйекте ұргашы күшіктің бойы енесімен теңеліп, ал қара қылышықты ерек күшік одан әлдекайда ірі өрі әлді болып кетті. Енді екі күшіктің арасындағы, ене мен ерек күшіктің арасындағы қатынас өзгерді. Екі ұргашы тұлкі зінгіттей мынау әдемі арланнан ығысып, ақыр аяғында қашқақтайтын болды.

Екі ұргашы тұлкі бірге тұрып жатты, бірақ нәзік бір түйсік-сезім от басының байланысын үзіп жібергендей. Олар кездейсоқ жолығып қалғанда, аршынды қара тұлкіге жылы ұшырағанымен, мұндай кездесуден қашқақтап жүрді. Сөйтіп желаяқ Домино өз тамағын өз табатындаі дәрежеге жеткен сон, теректі тоғайдағы жылғамен қош айтысып, жалғыз жортар тұлкінің дағдысын бастады.

#### IV. Жаңа тұр, жаңа тұрмыс

Осыдан бастап Домино терек саясындағы туған босағадан жырылып, тіршіліктің қам-қаракеті бастан асатын кең дүниеге қадам басты. Енді ол өз бетімен өмір сүруге кірісті, тоқ өрі дін аман жүру үшін оған енді тек өз күшіне ғана сену керек. Құн асқан сайын оның ақылы толысып, сактығы күшейіп сымбаттана түсті.

Сүйікті інінен кеткеннен кейін көп ұзамай-ақ қуғыншылардан өзі құтылуына тура келді. Мұның өзі тапқырлықтың желдей жеңіл аяқтан артық екеніне көзін жеткізді. Оның үстіне ол бір жаңалық ашты. Бақса мұның бұрын күнде көріп жүргенімен, аса мән бермеген енді ғана танысқан бір досы бар екен.

Бірде Доминоның сонына екі ит түскені бар. Бұл бас сауғалап жартастарды бойлай қашып, табанын қан жоса қылды. Құн алтап ыстық еді. Жан ұшырып Домино қуғыншыларынан ұзап шықты да, өзінің аптығын басып, өрі қан жоса болып өбден талған аяғын сұытқалы тура өзенге тартты. Өзенге түсіп, самалға иегін төсеп, таяз суда ағысқа қарсы салды. Суда жарты шақырымдай жүрді ме, жүрмеді ме, тағы да тақалып қалған иттердің абалалағанын есітті. Ізіне түсіп олар да салып ұрып өзенге жетті. Жас тұлкі шағын аралдағы бұтанаң арасына жа-

сырына қойып, қауіпсіз баспанасынан рахаттана жағага көз тастады. Иттер ізден айрылып қалып, қайта іздел тапқалы өуреге түсіп, жаға бойлап ерсілі-қарсылы шапқылап жұр екен. Ақыры, ештеңе шыгара алмай, әбден сілесі қатып үйлеріне қайтты.

Бәлкім, ізді су шайып жібергенін тұлкі анықтап түсінбеген шығар, алайда, қатерден құтылуға өзен таптырмайтын жақсы жер екен деген сөзсіз болжамға келді. Кейін бұл әлденеше рет дәлелденді де. Мәселен, ағыстан едөуір тәменірек аргы жағада із түскенін білдірмейтін құм-қайраң бар, демек, қашқанда одан ешкім іздел таба алмайды. Ал қыс түсіп, өзен бетіне жылтыраган жұқа мұз қатқанда оның тұлкіні көтеріп, қуған иттін салмағына шыдамай жарылып кететініне Доминоның көзі жетті.

Ал ең пайдалы жер өзенге төніп тұрган құз-тасты жар болды. Жардың астында ирелендеген соқпақ кепкен болып басталады да, барған сайын жіңішкере береді. Жолдың тарлығы сондай, одан епті тұлкі ғана өтіп, аңшы ит омақа асады. Соқпақ мүйісті орман, одан ілініп жартасқа өрлең, орманга барып сұнгиді. Ал орман, өзге жолмен ең кемі екі мильдей жер.

Доминоның және бір білгені: басқа өнірде аң аулап азық табу қыын болса, мына өзеннен жүрек жалғар бірдененің әр кез табылатындығы. Жағага лактырылған балық па, өлген құс әлде күрбака ма – қайсысы кездессе де өзек жалғауға жарап жатыр. Сол себепті де онда өзен өте жақсы жер, екіталаң сын сағатта пайдасы тиеді деген берік сенім қалыптасқан.

Алайда, бұл шақта біздің балғын тұлкі өте өзгеріп, өміріне үдайы төнетін қатер еселене түскен еді.

Күздің қоңыр салқын түнімен түрленіп, оның жүні де қалындаپ түбіттеніп, түсі құлпыра түсті. Әзір қызығылт сүр табы түгел кетпегенімен терісі күннен-күнге қара кошқылдана берді. Оны көріп, терінің қадірін білетіндердің қайсысы болсын: “Па, шіркін, мынау әлі кемеліне келмеген сұлулық хабаршысы болмаса игі еді? Мынау балғын тұлкі түбі нағыз қара бурылдың өзі болып шықпасын!” дейтіні хак.

Қара бурыл тұлкінің терісін қолға түсіру – аңшығана арман ететін ең ұлы бақыт. Бірақ бұл қазынаны құлығымен, жылпыңдығымен аңың өзі қорғайды.

Қыста қара бурыл тұлкі өзінің әдептегі тексттерінен айрықша оқшауланып тұрады. Ал өзір күшік жүні түлемеген қара бурыл балаң тұлкінің ағайындарынан айырмашылығы шамалы болады. Тек қыс түсे ғана сылқымның сұлулығы айқындалады. Міне, Голдерде күз өтіп, қыстың аязды түндерін жамылып Доминоның қошқыл тартқан қысқы тоны күн асқан сайын қаурай қалында, түбіті бүркырап, ұшы аппақ құйрығы мамықтай үлпілдеп, тұмсығына көлденең тартылған қара жолагы күміспен көмкерілген маскадай айшықталады. Басы мен мойны да жалт-жұлт еткен қара түске боянды. Ақыр аяғында, тұнгі аспанды жылтылдаған жұлдыздай қара тұктің ұшынан жылтыраған ақ білініп, тұлкі тіпті түрленіп кетті. Шілдедегі сатпақ қара тұлкі баласын қазір мына қарашадағы қысқы өшекеймен ешкім де тани алmas еді. Домино көрген жан таңданғандай тамаша күміс қара бурыл тұлкі болды да шықты.

## V. Сұлулық пен жауыздық

Голдер өнірінде қара бурыл тұлкі пайда болғаны көп ұзамай баршаға әйгіленді. Осынау аруды, терісі бағалы аңың ғажайып түрін жұрт талай мәрте көрген-ді. Джукстің қара иті Гекла оның түп ізіне түсіп, сан рет куганын да білетіндер табылды. Басқалар болмаганмен, бұны Джукстің өзі айтты. Көршілердің оны ертегі деп күліп, қара бурыл тұлкі ессіз төбетті келекелеп, басы жарылғанша тауға-тасқа соға жүгіртіп, қисапсыз қайла-сына салып ақымақ еткен де, тәйірі! – деп мазақтағанына да қынған жоқ ол.

Гекланың даусы ғажап болатын, айбарлы, айқын, шымыр үні мұлгіген түндерде талай шақырымға жететін. Үрген даусы бір сембей, қарғыған сайын үдең, тіпті үйге қайтып келе жатқанда да тынбайтын.

Джукстің ұлдары Гекланы тамаша, ел қызығар аңшы ит деп топшылайтын. Ал көршілер болса, оны тұлкі

қақпаны мен үрген бүйеннің қоспасы, ол аз десен, тұксиген, тағы мақұлық деп кемсітеді Әділ адамдар Гекланың есте қалар ерекше даусы бар, ірі де жүйрік өрі сұсты төбет екенін мойындайтын.

Алғаш мен Гекланың даусын оны фермаға қамап кеткенде есіттім. Осынау ашық, сұмдық айбарлы, темірдей шыңылтыр дауыс сонда күні бойы құлағымда шыңылдал жүрді де койды.

Міне, күздің бір күні зауал ауган шақта, Голдер тауының етегіндегі орманды аралап серуенде жүр едім, құлағыма бір қыырдан шыңылдаған абынит даусы жетті. Гекланың бір аңның ізіне түсіп, өкшелеп бара жатқанын замат сездім. Құлақ түре қалып, мән-жайға бірден түсіндім. Жапырақтар сыйбыр қағып, іле көзім таңғажайып аңға – көмірдей қара түлкіге түсті. Ол бір сөт дүшпан жақты шолып алғалы жығылып жатқан ағаштың үстіне артқы аяғымен тұра қалып, жан-жағына қарады. Түлкі менен елу қадамдай жерде тұргандықтан, мен не істеу керектігін бірден біле қойдым: қолымды аузыма апарып ауаны ішке бір тартып алдым да, ернімді сылп еткіздім. Түлкі табанда жалт қарады да, жер бауырлап мен тұрган жаққа қарай жедел жоргалай бастады.

Арамыз жиырма қадамдай қалғанда ғана ол кілт керіле кербез тоқтап, құлағын тігіп, құйрығы сөл бұратылып, алдыңғы аяғын көтеріп, құлқынды құртқан қоянның немесе егеуқұйрықтың сылп еткен дыбысы қайдан шыққанын барлады.

Ой, жарықтықтың терісін айтсаңшы! Әлі күздің басы ғана, ал жылтылдаған қара түктердің ортасында аппақ қардай омырау мен құйрықтың, ұшындағы ақ түбіт ерекше көз тартады. Түлкінің сап-сары көзі оттай жанып, ақ күміс қылышығы басы мен мойнына оранған шұғылага үқсайды. Мұндай таңғажайып жаратылыс туындысын өмірімде ешқашан көрмеген шығармын-ақ. Ең ақырында ғана қара бурыл Голдер түлкісі деген осы болар деп топшыладым. Арбалғандай ол да, мен де тырп ете алмадық. Жануарларда жиі ұшырасатыны сияқты, алдында адам тұрганы оның қаперіне де келмесе керек. Дегенмен түлкі шаңқылдал үрген дауыстың тақалғанынан Гекланың

өкшелеп келіп қалғанын сезіп одан әрі қашқалы бұрыла берді. Мен ернімді тағы да сылп еткізіп, құлағын тіге қалған аң төресінің өсем түрпатын қайта бір қызықтадым. Алайда, абайсыз қозғалып қойдым ба, кірпік қақканша тұлкі ізім-қайым ғайып болды.

Араға он минут салып алдыннан және бір хайуан шыға келді. Әр қадам сайын бір ырғақпен үріп, бұтаны баса-көктеп, жолында илікпегеннің бәрін жапырып, көзі қанталап, жердегі ізден өзге ештеңеге назар аудармай, тек екпіндеп ілгері үмтүлған ебедейсіз Гекла бұл. Голдер қырқасының ен жүйрік тұрғынымен күш салыстыруға құлшынған Гекла.

Алпамсадай алып неменің жерді иіскелеп, тұлкі ізін қалыпсыз тапқанын көргенде, арқам мұздап кетті. Из тұлкінің қалай қарай жылысқанын дәл білдіреді-ау деген ой үрейімді ұшырды. Айтқандай-ақ, Гекла бірде-бір рет тайқақтаған да, жанылысқан да жоқ. Мен итке ернімді сылп еткіздім, бірақ ол қаперіне де қыстырмады. Есіл-дерті тұлкіні қашан тапқанша ізден адасып қалмау гана. Одан әрі не болғанын мен оның қанталаған ызалы көзінен, күдірейген желкесінен сездім. Өз басым тұлкі аулауды ұнатамын. Бірақ сол күні тұп ізіне қалайда құтқармайтын рақымсыз Цербер түскен тамаша жаратылыс тумасының кейіп улы жылан умаждан тұншықтырып жатқан өсем өнші құсты көз алдымға келтірді.

Адамның итпен ежелгі достығы үмит болып, сол сәттен бастап ынта-ықыласым қара бурыл тұлкіге ауды.

## VI. Доминоның қысқы күйі

Қыс түсіп, қыстақ балалары бейберекет тұлкі аулауға кірісті. Әдетте олар екі-үш тәбетті жіберіп, өздері мылтық ұстап соңынан жаяу салпақтайды. Алайда, бірде Доминоның ізіне топ итті ертіп аттылы аңшылар тұсті. Домино өзен жағасындағы жартасқа жасырынып қана аман қалды. Дүшпанынан сөтті құтылған сайдын ол әлууеттеніп, куғыншыларды шатастырып, ізден жанылдыру өнерін ұштай тұсті. Және де ол өзін-өзі ұстай білу өнеріне де шындалды. Бұрынғысындағы алпам-

са иттің арпылдаған даусынан өлі қорқады, бірақ та үрейді женіп, жүргегін басуды үйренген, батылдығы да үстеліп келеді.

Қазір ол жалғыз жортар тұлкінің салтымен жеке жүріп жатыр. Оның іні жоқ. Қыста тұлкілер інде жатпайды да ғой, ашық жерде жататын оны сұқтан қылышықты қалың терісі мен құйрығы қорғаса, керемет іісшілдігі төніп келген қатерден сақтайды.

Ол күндіз күн көзінде ғана мыйғиды. Тұлкі атаулының жазылмаған занының өзі осы. “Тұн – торуылға, күн – тынығуга!” Күн үясына қонып, қас қарайғанда Домино азық іздеуге шығады. Кез келген жабайы хайуан көзге тұрткісіз тұнде көреді деген қате пікір бар. Жоқ, оларға да жарық керек. Әлбетте, адамдарға қарағанда жарық оларға өлдекайда аз керек, сонда да азын-аулак жарықсыз болмайды. Жануарлар тұртінектеп жүріп қарандыда жолды адамнан жақсы табады және көбіне олар тұртінектеумен ғана жылжиды. Олар күннің шаңқиған жарығын онша ұнатпайды да. Ең жақсы көретін уақыттары – кешкі інір. Қыстың күні сүттей жарық айлы тұндері аң аулау оларға бәрінен де қолайлы.

Сонымен, күн үясына қона салысымен, Домино да аңға шықты. Ол бетін желге беріп, бұлкектей отырып, кез келген көз қызықтырар шоқ ши мен қалың қау басып көрінбей жатқан жарықbastарға да бұрылып соға кетеді. Бір кездे олжа түсірген ырымды бағанға да, тас пен шарбақтың бұрышына да соғып, таяуда бір ұргашы тұлкі келіп кетпеді ме екен деп иіскеп қояды. Ит пен қасқыр сияқты ізін кез келген бағананың түбіне тастап кету ғадеті тұлкіде де бар. Содан соң ол жейтін бірдеңенің иісі шыға ма деп желге тұмсығын төсеп, тау жотасына шықты. Болмашы сыйырға аялдал, ештеңе жогына көзі жеткенше тырп етпей тұрып қалады, немесе мысықтай үрлана басып сезік білінген жерге тақау келеді. Кейде ол жан-жагын шолып алу үшін иіліп тұрған ағашқа шығып кетеді, не аспанға шаншып барлау жасайды.

Осында тунгі жорықтарда ол күзетші иттері бар фермалардың қорасынан тайсақтаған емес. Иен жатқан жерлер игеріліп, ел қонуына орай бұл өнірде тұлкілер де